

... -дан кейін/соң

кейін/соң сөздері өзінің алдында тұрған есімдіктің Шығыс септігінде тұруын қалайды. Перед словами *кейін/соң* местоимения употребляются в Исходном падеже.

Бұл жұмысқа бізден кейін Айгүл орналасты. (После нас на эту работу устроилась Айгүль)
Содан соң не болды? (Что было потом?)

Шығыс септіктегі (-дан/-ден) сөзге **кейін, соң** сөздерінің тіркесуі арқылы қимылдың, іс-әрекеттің орындалу мезгілі анықталады. Употребление слов **кейін, соң** со словами в исходном падеже определяет время действия.

Жиналыстан кейін құжаттарды дайындадым. (После собрания я готовил документы).
Бір айдан соң іссапарға барамын. (Через месяц поеду в командировку).

Алу модальдік етістігі Модальный глагол *алу*

Алу етістігі негізгі және ауыспалы «1. Бір нәрсеге ие болу, меншіктеу. 2. пайда түсіру, кіріс кіргізу» мағыналарында қолданылады.
Глагол **алу** используется в 2-х значениях «1.Завладеть каким либо предметом. 2. Прибыль, иметь выгоду». Сонымен бірге көмекші рөлінде «істеп көру, әрекеттену, бір нәрсенің қолынан келетінін көрсету» мағынасында қолданылады.
Также в вспомогательной роли «пробовать, показать на что способен».
Орысшаға аударғанда «могу, можешь сделать» сәйкес келеді.

Мен қазақша сөйлей аламын. (Я могу говорить на казахском языке.)
Балам, сен үйге өзің бара аласың ба? (Сынок, ты можешь сам дойти до дома?)

...-ға қарағанда
смотря (сравнивая) на...

қарағанда сөзі өзінің алдында тұрған зат есімдердің барыс септігінде тұруын талап етеді. Екі затты өзара салыстыру үшін қолданылады.

Слово **қарағанда** требует чтобы существительные, стоящие перед ним, употреблялись в дательном падеже, а также оно используется для сравнения двух предметов и явлений.

Қалаға қарағанда ауылдың ауасы таза. (Воздух в ауле чище чем в городе)
Әлібекке қарағанда Айбектің бойы ұзын. (Айбек выше ростом, чем Алибек)